




# МЯМЯН

С.СЕЙФУЛЛИН  
атындағы ҚазАТУ  
СТУДЕНТ  
ЖАСТАРЫНЫҢ  
ГАЗЕТІ

1967 жылдың 6 сәуірінен бастап шығады • e-mail: agunkatu@gmail.com • www.agun.kz • № 13 (2088) 16 ақпан 2011 жыл

## Қыранбыз қырандардан жаратылған



С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-да Қазақ тілі кафедрасы ұжымының ұйымдастыруымен өткен ғасырдың жыр тарланы, сыр тарланы болып саналатын ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 80 жыл толуына орай «Қыранбыз қырандардан жаратылған» атты қалалық жас ақындар мүшәйрасы өтті.

Мүшәйраның мақсаты – алдымен, ақын рухына тағзым ету, екіншіден, ақынның мұрасын келешек ұрпаққа жеткізу, үшіншіден, жастарды сөз өнеріне, ақындыққа баулу, поэзияға құштарлығын арттыру болса, төртіншіден, жас ақындардың өнерін шыңдап және халыққа таныстыру еді.

*Жалғасы 2-бетте.*

## ДОСТЫҒЫ ЖАРАСҚАН

Үнді елінің Ұлттық Кадет корпусы (ҰКК) мен Қазақстанның жоғары оқу орындары арасындағы жасалған келісімшарт негізінде С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ректоры А.Қ. Бұлашев үстеміздегі жылдың 25-30 қаңтар аралығында аталмыш оқу орнының шақыруымен Нью-Дели қаласында болып қайтты.

Иссапар кезінде ректор ҰКК-ның оқу және тәрбие жұмыстарымен танысып, екі оқу орнының ынтымақтастығын одан әрі дамыту жолдарын әріптесі генерал-лейтенант Карвалмен бірге талқылады. А.Қ. Бұлашевтың сапары Үнді елінің Республика күнімен тұспа-тұс келді. Ректор мерекелік шеруді тамашалауға шақырылып, ел Президенті Прагибха Патил ханымның және Қорғаныс Министрі Шри Антони мырзаның қабылдауында болды. Сонымен қатар Кадет түлектерінің ел Премьер-Министрі Монмахан Синг мырзаға арналған әскери шеруіне құрметті көрермен ретінде қатысты. Мерекелік шараға Бангладеш, Бруней, Бутан, Непал, Вьетнам, Шри-Ланка, Сингапур, Ресей, Түрікменстан және Қазақстан елдерінен келген жоғары әскери оқу орындарының 90 офицері мен кадеттері де қатысты.



Сонымен қатар, 2011 жылғы 13-31 қаңтар аралығында ҰКК-да тағылымдамадан өткен әскери кафедра бастығының орынбасары В.Л.Ильгнер және университетіміздің үш студенті аталмыш шараға қатысты. Дәрістерге қатысу, ұлттық мұражайға бару, кадеттердің тұрмысы және өмірімен танысу, ҰКК түлектерінің маршына қатысу студенттеріміздің тағылымдамадан өту бағдарламасына кірді. Үндістанның Республика күні қарсаңында бағдарлама бойынша біздің делегация ағылшын тілінде Қазақстан жөнінде ақпарат пен ұлттық киімдерді таныстырды, сонымен қатар барлық көрермен қауым ұнатқан «Қара жорға» биін биледі. Наурыз айында ҰКК-ның офицерлері мен кадеттері университетімізге келіп, біздің әскери кафедраның іс-әрекеттерімен таныспақ.

**Сара Қытайбекова,**  
Халықаралық байланыстар  
бөлімінің бастығы

### БҮГІНГІ САНДА

3-бетте




**КРАСАВИЦЫ  
И ДЖИГИТЫ  
НАШЕГО  
ВРЕМЕНИ**

4-бетте

**ӨМІРІ  
ӨЛЕҢМЕН  
ӨРІЛГЕН**

5-бетте



**АРМАНЫМ  
ШЫОНДЫҚҚА  
АЙНАЛДЫ**

6-бетте



**АЗИАДА  
АЙШЫҚТАРЫ**

7-бетте



**МАСТЕР  
СВОЕГО  
ДЕЛА**



## Автожауапбергіш



«Маман» газетіне бірқатар жаңа айдарлар енгізілді. «Автожауапбергіш» деп аталатын айдар университет басшылары мен оқытушылар құрамына арналған. Университет ректорынан бастап, проректорлар, сондай-ақ, факультет декандары мен кафедра меңгерушілері, оқытушылары жауап беретін болады. Газетіміздің осы жолғы санында аталмыш айдардың сауалдарына С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ректоры Айтбай Бұлашевты әңгімеге тартқан болатынбыз.

– Уақытты кері қайтаратын мүмкіндік болса, өз өміріңізде қайта түзеткіңіз келетін сәттер бар ма?

– Жоқ, Жаратушымыз анықтаған тағдырды түзету мүмкін емес.

– Қандай жаңалық ашар едіңіз?

– Жаңалық ашатын жастан алыстап кеттім.

– Бақытты болу үшін қанша ақша керек?

– Бақыт ақшамен өлшенбейді.

– Лоторея ойындарында жеңіске қол жеткізген кезіңіз болды ма?

– Жоқ, мұндай ойындарға құштар емеспін.

– Сіз мақтан тұтатын әрекетіңіз?

– Мұқтаж адамға көмек беру.

– Қандай жағдайда ашуланаңыз?

– Көңілсіз жүргенде.

– Адамзат бойындағы сізге ұнайтын және ұнамайтын қасиеттер?

– Ұнайтыны: кішіпейілділік, жауапкершілік, адалдық; ұнамайтыны: жағымпаздық, өркөкіректік, сараңдық.

– Өзіңізге көңіліңіз тола ма?

– Жоқ, орнын толтыра алмай жүрген кемшіліктерім баршылық.

– Сіздің жауыңыз?

– Тілім.

– Автожауапбергішке қандай хабарлама қалдырар едіңіз?

– Шәкірттерге: өздігіңмен өмір бойы білім алуды дағдыға айналдыр.

# Қыранбыз қырандардан жаратылған

Жалғасы. Басы 1-бетте.

Мүшәйра қонақтары, әрі әділқазы алқасының мүшелері ретінде С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, профессор Балғабай Сәдепұлы Майқанов, Астана қаласы әкімшілігі Тілдерді дамыту басқармасының бастығы Оразгүл Асанғазықызы, қаламыздағы танымал ақын Әскербек Тілеуұлы Байдильдин, ҚазАқпарат журналисі, Республикалық жас ақындар мүшәйрасының жеңімпазы Ризабек Нүсіпбек, «Шабыт» байқауының қатысушысы, қалалық ақындар мүшәйрасының жеңімпазы, С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың жерге орналастыру факультетінің оқытушысы Баубек Бердіжаров, ұстаздық пен ақындықты қатар алып жүрген оқытушымыз Сансызбай Сәлімжанұлы Рашитов қатысты. Барлығы 20 жас ақын мүшәйраға қатысуға тілек білдірді. Оның 13 ақыны ақтық сынға келді. Мүшәйра екі айналымнан тұрды: I айналым «Ақынға арнау» – Мұқағали Мақатаев рухына бағыштап арнау шығару шарт болса, II айналым «Мұқағали Мақатаев сыры» - ақынның өз өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысы болды. Екі айналымнан да сүрінбей өтіп, өнері жұртты тамсандырып, шабыттың тұлпарына мініп, сайысты жеңіп шыққан жас ақынымыз – Еуразия гуманитарлық институтының студенті Нұргүл Тырнахан I дәрежелі дипломға және жиырма мың теңге көлемінде ақшалай сыйлыққа ие болды. II орынды және он бес мың теңге көлеміндегі ақшалай сыйлыққа – қаламыздағы балабақша тәрбиешісі Гүлсара Шалқар иеленсе, III орында қанағат тұтып, он мың теңге көлеміндегі ақшалай сыйлыққа ие болған Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті Ерболғанова Ажар иеленді. Өзге сайыскерлер бағалы сыйлықтар мен ынталандыру дипломдарына ие болды.

Баспасөз орталығы



## ҚАЙТАЛАНБАС СӘТ!

Әрбір түлек мектеп қабырғасымен қоштасқанда қанатын кенге жайып, білімін шындай түсу үшін әсем қалаларға аттанады. Мен еліміздің жүрегіне айналған әсем шаһар Астананың төрінде орын тепкен Қазақ агротехникалық университетінде білім алып жатқанымға өте қуаныштымын, әрі мақтан тұтамын. Себебі, қызыққа толы студенттік шақты бастан кешіру бақыты бір-ақ рет беріледі. Студент болуды кезкелген білімге құштар адам армандайды, талпынады. Осы, 4-5 айдың ішінде студенттік өмірдің бастамасына куә болып, басымнан өткердім. Мен үшін «студент» деген аяулы есімді арқалау зор бақыт. Себебі, басыңнан нендей бір қызықты оқиғалар өтеді және ащы-тұщысына да шыдай білесің!

Қызығы мен шыжығы мол қайталанбас студенттік өмірді мәнді де сәнді, естен кетпестей етіп өткізім келеді. Ең бастысы білім жолында адал еңбектеніп, ата-анамның үмігін ақтағым келеді. «Сен де бір кірпіш дүниеге, тетігін тап та бар қалан» деп қазақтың ұлы перзенті, ғұлама Абай ағамыз айтқанындай, жас та жасампаз, тәуелсіз мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне тамшыдай болсын үлес қосатын маман иесі атануды мақсат тұтам.

Акерке Құрметбек,  
I курс студенті

## Шығарма жолдарынан...

### СТУДЕНТТІК ӨМІР – ҰМЫТЫЛМАС ШАҚ!

Студенттік шақ - адам өміріндегі қайталанбас дәурен. Төрт жыл бойы қызығы мен қиындығы қатар жүретін “тар жолда тайғақ кештіретін” тамаша сәттерді «студент» атанған әрбір шәкірт сағынышпен еске алары сөзсіз.

Міне, қазір біз сол сапардың ортасына жақындап келеміз. Күндеріміздің әрбір уақыты біз үшін өте қымбат, әрі нұрлы болып саналады. Себебі, бұл мектептегідей 11 жыл емес, небәрі 4 жылдың ғана еншісіне бұйырған ерекше бақыт. Бұл сәттер қызықты болғандығымен қасқағым сәтте өте шығады. Алайда, осынау айшықты, ұмытылмас, әсем шақ біздің жүрегімізде мәңгілікке тұрақтап, сақталып қалмақ. Себебі, бұл шақ – өрнегімен із қалдыратын, әрі қызықты да бақытты балдаурен шақ ретінде қымбат. Қандай да қиын күндер, қиын сәттер туса да, қаншалықты қатты қиналсақ та жүрегі мен тілегі бір, достық туын биіктен желбіреткен студент қауымының мызғымас бірлігін, ұйымшылдығын ешкім де бұза алмайды.

Тимур Мейрімгүл,  
Агрономия факультеті

## ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ректоры Айтбай Бұлашев Елбасының халыққа Жолдауын талқылау мақсатында студенттермен кездесті.

Университет басшысы жастарды ел экономикасының дамуы, білім мен тіл мәселесіне жіті көңіл бөлуге шақырды. Президент Жолдауындағы «Тілдерді дамыту» жайлы айтылған тармақшасында: «Біздің міндетіміз – 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға дейін жеткізу. Ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайызды құрауы тиіс. Енді он жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 пайызы мемлекеттік тілді біліп шығатын болады. Мен қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін әрдайым айтып келемін», - деген сөзі бар. Осы басым бағытты ұстанған университет басшылығы баршаңыз мемлекеттік тілде сөйлесек қана, оны дамытуға, мәртебесін асқақтауға үлес қосатын боламыз деп пікірлерін білдірді.

Жиынға университеттің оқытушылар құрамы да белсенді түрде қатысты. Мәселен, олардың арасында Жолдау жүктеген міндеттер туралы ойын ортаға салғандар да болды. Оқытушы, тарих ғылымдарының кандидаты Айдос Апбазов: «Ең алдымен Жолдау - өткеніміздің мән-мағнасын айқындай түсетін есеп пен даму даңғылымыздың адастырмас бағдаршамы. Сонымен бірге, бүгінгі биігімізді бағамдайтын, алдағы асуларды айқындайтын сара бағдарлама. Ал, білім саласына тоқталар болсақ, Елбасы еліміздегі жоғары оқу орындарының санын шектеп, сапаға көңіл бөлу мәселесіне тоқталды. Ғылыми кеңестердің жұмысы тоқтатылып, PhD докторантура бойынша білім алу жүйеленетінін қадап айтты», - деп пікірін білдірді.

Техникалық факультеттің 1 курс студенті Сандуғаш Борамбек тілдерді дамыту бағытында айтылған міндеттерге тоқталып, қазіргі заманда әрбір қазақстандықтың үш тілді білуі – бұл азаматтардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына кепілдік бола алатын міндеттердің бірі. Сол себепті 2020 жылға қарай елімізде ағылшын тілін меңгергендер 20% -дан кем болмауы тиіс деп айтылғандығын тілге тиек етті. Ал, Қазақ агротехникалық университеті туралы Сандуғаш тілдерді дамыту бағытында бірқатар шаралар атқарылып жатқандығын сөз етті. Мұнда студенттердің мемлекеттік тілді меңгеруі үшін тегін курс ашылғаны жайлы, сондай-ақ француз, неміс, қытай, ағылшын, орыс тілдерін оқытатын арнайы курстар бар екенін айтты.

Жиынды университет басшысы Айтбай Қабқкешұлы қорытындылады. Жолдауда сөз болғандай, «Бұл бағдарламаның түпкі мақсаты – еліміздің тәуелсіздігін баянды ету, қазақтың ұлт болып өркендеуіне жол ашу, оның тілі мен мәдениетінің кең құлаш жаюына мүмкіндік туғызу». Ректор жиналған қауымды тәуелсіздігімізді баянды етіп, өркендеу жолында, ұлтымыздың тілі мен мәдениетінің қарыштауына жұмыла атсалысуға шақырды.

Баспасөз-орталығы



## КРАСАВИЦЫ И ДЖИГИТЫ НАШЕГО ВРЕМЕНИ

Традиции и обычаи созданы творческим гением народа, веками служили и служат людям. Каждый народ имеет свои исторически сложившиеся традиции и обычаи, разные по уровню и глубине своего идейного содержания в зависимости от исторических судеб народа. К ним люди привыкли, веками почитают их.

Профессорско-преподавательский состав КазАТУ им. С. Сейфуллина прививает любовь, уважение к казахским традициям и обычаям молодому поколению. Поэтому национальные конкурсы стали традиционными в университете. В актовом зале агрономического факультета прошел конкурс «Жігіттің сұлтаны».

В отборе приняли участие студенты разных факультетов. И, наконец, 11 самых лучших студентов соревновались в знании казахских традиций и языка. Претенденты боролись за 3 призовых места. Известно, что Жігіттің сұлтаны должен быть красивым, талантливым и сильным. Каждый претендент отличился в определенной области. Но настоящего казахского джигита жюри под председательством проректора по воспитательной работе и социального вопросам Майер Александра Викторовича не увидело. Поэтому справедливо было наградить только вторым и третьим местами, а остальные участники получили грамоты по соответствующим номинациям. Почетное второе место поделили между собой Нурлыбек Рахметбеков, студент 1 курса энергетического факультета и Серикжан Шарипхан, первокурсник агротехнического колледжа. А третье место получил студент 1

курса технического факультета Куанбек Баулбек.

На следующий день прошел еще один красивый и яркий конкурс «Қыз сыны». В нем принимали участие 12 самых грациозных девушек вуза. Девушки блистали красотой и знанием тонкостей языка, казахских традиций, забытыми секретами рукоделия. Отличие этого конкурса от многих других в том, что жюри в первую очередь направило усилия конкурсанток в историческое и познавательное русло. Девушки пели, танцевали, рассказывали казахские пословицы, читали отрывки из поэтических произведений, поясняли публике традиции казахского народа. Также в правила «Қыз сыны» входило и умение носить национальный костюм, что удастся отнюдь не каждой моднице. Замысловатые узоры, вышитые девушками в одном из конкурсов поражали утонченностью.

На этот раз жюри под председательством Александра Викторовича единогласно решило, что победительницей является студентка 1 курса агрономического факультета Назгуль Рахимбекова. Победительница запомнилась ярким приветствием, знанием казахских традиций, орнаментов и способностью к рукоделию. Второе место заняла студентка энергетического факультета Айдана Бисекенова. А третье место присудили Сандуғаш Борамбек, студентке 1 курса технического факультета.

Назгина Абдурахманова  
Пресс-секретарь

## ТЕХФАК ВЫИГРАЛ В МЕЖФАКУЛЬТЕТСКОЙ ИГРЕ КВН

Очередные межфакультетские игры КВН прошли в Казахском агротехническом университете им. С. Сейфуллина.

В актовом зале агрономического факультета царил атмосфера бесконечной радости, которая накрыла всех, кто пришел поболеть за своих друзей или просто заскочил «на огонек».

Из семи заявленных команд жюри под председательством проректора по воспитательной работе и социального вопросам Майер Александра Викторовича предстояло выбрать 3 победителей. Следует отметить, что сделать выбор было нелегко.

Все команды отлично выступили. Зрителям запомнилась миниатюра факультета ветеринарии о влюбленных памятниках Сакена Сейфуллина и Алии Молдагуловой. Зал встречал взрывами смеха огромное количество шуток, посвященных Азии. Команда энергетического факультета выдавала достаточно необычный юмор, который, тем не менее, хорошо принимал зал.

Победителем игры стала команда технического факультета. Второе место заняла команда ветеринарного факультета, а третье место присудили КСиПО.

Благодаря выступлениям команд хорошее настроение в тот вечер было обеспечено всем. Так что теперь остается ждать очередных игр команд клуба веселых и находчивых.

Назгина Абдурахманова



«Өлді деуге бола ма, ойландаршы,  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған»,  
- деп данышпан Абай айтқандай, ар-  
тына өлмес өлең жолдарын өрнектеп  
қалдырған, қылшылдаған қырығында  
өмірден озған ақиық ақын Мұқағали  
Мақатаев, міне, биыл көзі тірі болса  
80 жасқа келіп, ортамыздағы ақылман  
қарияларымыздың қатарын толтырып  
отырар еді.

## Өмірі өлеңмен өрілген

Бүгінгі жас ұрпақтар ғана емес, өз заманында тұстастары да мойындаған, оқырманы әлі күнге дейін көбеймесе азаймаған, ел ішінде ғана емес, алыс-жақын шетелдегі қандастарымыз да қызыға да, сағына оқитын сол асыл сөз иесі – ақын ағамызды біз сағына еске аламыз. Егер әлі де ортамызда жүрсе, қанша ғажайып өлеңдерімен бізді таңдандырар еді, ғасырлардан сыр шерткен әдебиетімізге қаншалық ықпал жасар еді? Кешегі Мұстафин мен Мүсірепов сияқты бүгінгі әдебиетіміздің көзі тірі әулиесі болып отырар ма еді? Десек те, ардақты аға буынды бүгінгі ұрпақ ұмытпай, еске алып жүргендеріне, ел есінен көтерілмей, әр жыл сайын туған күнін сүйінішпен еске алып, тойлап жатқандарына қуаныштымыз. Күллі қазақ құмарлана оқитын өлмес өлең жолдарын өрнектеген есіліміздің есімі өшпейді де. Ақындық өмірін кіршіксіз махаббатпен өткізген, адал ниет, бала көңіл ақын ағаның рухы асқақтай берсін!

Еліміз тәуелсіз, жанымыз еркін десек те, нарыққа байланып, арыққа айналған, рухани пәстенген бүгінгі қоғамда, Абайдың да кім екенін білмейтін қандастар да кезігіп жататыны шындық. Сондықтан ақын өмірі жайлы азғантай мәлімет бере кетер болсақ: 1931 жылы наурыздың 13 жұлдызы (қуәлігі бойынша 9 ақпан) Алматы облысы Райымбек ауданы (бұрынғы Нарынқол) Қарасаз ауылында дүниеге келген. 1976 жылы 27 наурызда қайтыс болды. Бейіті Алматы қаласының іргесіндегі Кеңсай зиратында.

Артында екі ұл, төрт қыз ұрпағы қалды. Ақынның «Қарлығашым, келдің бе?», «Шөп жапырақтар», «Аққулар ұйықтағанда», «Шуағым менің», «Өмір дастан», «Армысындар, достар!», «Өмір – өзен», «Жырлайды жүрек» т.б. көптеген жинақтары жарық көрген.

### ПОЭЗИЯ АЛЫБЫНА

Сен жүйріксің, мен шаңына ілескем,  
Асқақ рухың көк аспанмен тірескен.  
Санамызға әрқашан да ой тастар,  
Айтқан сөзің кеткен емес бір естен.

Қарындасың болып мен өрлеп келем,  
Поэзияның алыбы сен деп білем.  
«Ғалымның хаты өлмейді» – деген рас,  
Ақын аға ойларың өрнектелген.  
Сенің жаның біздерге мәңгі жұмбақ,  
Ұлы есімің қашанда биік тұрмақ.  
Сөздерің баға жетпес асыл мұра,  
Өтетін ұрпағың бар мәңгі жырлап.

Шығармын сен сияқты биік шыңға,  
Көп аманат қалдырдың ұрпағыңа.  
Арманым болмас еді бұл жалғанда,  
Сен сияқты отырсам жыр тағына.

Өзі өлсе де, сөзі өлді демендер,  
Алты Алаш мойындаған кеменгер.  
Елін сүйген, жерін сүйген ақын ол,  
Өтірік айтсам, жұтсын мені кара жер!

Айтылған сөздеріне баға жетпес,  
Ақын аға, ешқашан мұраң өлмес.  
Алтынсың ғой тәңірім сыйға берген,  
Бір сөзің ғасыр жүрсе дәмі кетпес!

Гүлмира Мұратхан  
Агрономия факультетінің  
1 курс студенті

### МҰҚАҒАЛИ КІМ ӨЗІ?

Мұқағали кім өзі?  
Көз көргендер адам дейді жаны ізгі,  
Күркіреген күндей даусы нар кісі,  
Тірлігінде қанша жырлап өтсе де,  
Қыңыр заман қырына алған тәрізді.  
Мұқағали – ақын рас, ақиық.  
Сан өлеңін жаттап өстік біз қиып,  
Сезім-жүрек, тыңдап-ұйып бас иіп,  
Сыршыл жолдар сырғығанда сынаптай  
Әулиедей сезілетін тым биік.

Мұқағали – бас имеген өр ерім.  
Жылап өтті, жырлап өтті өз елін,  
Тамыр алып өлеңінен өзегім,  
Алғаш қызға хат жазғанбыз,  
Хат жазғанбыз үйге де,  
Өр Мұқағалың кірістіріп өлеңін.

Туған елін жырлап өткен жыр ошақ,  
Туған елден сый көрмеді дұрыстап,  
Туған жерім жаным деген сол ақын  
Ұйықтап жатыр Алатауын құшақтап.

Аман болсын бүгінгі ұрпақ, азатпыз,  
Ұрпақ барда ұмтылмайды мұзарт күз,  
Өкпелеме ақын аға,  
Тірлігінде сыйлай алмай жақсысын  
Өлгеннен соң қадірлейтін қазақпыз.

Айдын Мәкейханұлы  
Агрономия факультетінің  
3 курс студенті

### ЖОЛАУШЫ

Тарихтағы алып тұлға арыстан,  
Іздеп жүрмін сізді алыс ғарыштан.  
Тұманданып кетсе дағы нұр бейнең,  
Естіледі ақын үні алыстан.  
Тірісінде сыйдырмаған Алаштың,  
Ақын ұлы жыр күдіретін танытқан.  
Шабыт алып Қарасаз әр тасынан,  
Ақын еді жүрегінен жыр тасыған.  
Ғасырлардан ғасырларға өтетін,  
Өлмес мұра жырлар қалды ақыннан.  
Аралап жыр әлемнің бал бағында  
Айналдың алты Алаштың ардағына,  
Махаббат пен мұң менен өмір сырын,  
Сыйғызған өлеңінің тармағына.

Ғашық қылып жүректерді өлеңге,  
Құштар қылып поэзия атты әлемге.  
Жатқа айтып жүр, әне, ақын жырын,  
Ана, аға ... жасы менен кәрі де.  
Келіп жатыр, кетіп жатыр дарындар,  
Өлең сырын ұқпаған бар, ұққан бар.  
Өмір, өмір жаңылмаса жолынан,  
Өзін сынды дарындар мен ақындар.  
Ақиқатқа жаны құмар асылдар,  
Бір ғасырда бір-ақ рет туылар!  
Қанша жылдар, қанша күндер өткенмен,  
Өлеңдері өтіп келер өткелден.  
Тілім, ділім, жер менен елім барда,  
Өлмес өлең, ақын өзі өлгенмен.

Бұл өмірге кім келіп, кім кетпеген,  
Көрсет маған,  
Мәңгілікке кім жетті екен ?  
Бұл өмір аялдама секілденіп,  
Барлығы да өтіпті осы өткелден.  
Ақын да келіп, кеткен жолаушыдай,  
Өмірін өлең менен өрнектеген.  
Кеткенмен ...  
Қалыпты-ау, «Өмір-өлең»!

Ибраимов Актілек  
Экономикалық факультеттің  
3 курс студенті

### ЖҮРЕГІМНІҢ ТҮБІНЕ КІР ЖАСЫРМАЙ

Жыр жазамын, өзімше, жыр жазамын,  
Ақ паракқа ойымды сызбаладым.  
Ғасырлардан сыр шерткен қара өлеңнің  
Музасына, қалайша қанығармын?  
Жалығармын, біресе сағынармын,  
Шабыт келсе, гүлденер жан құмарым.  
Өлең, шіркін, жасырма мұң-сырынды  
Әй, көңілім, жасырма, жазшы бәрін.

Он сегіз мың ғаламнан нәр аламын,  
Бір Аллаға сиынып, табынамын.  
Толықсыған кеудемде жауһар жырдың  
Кәусарынан татсам деп армандадым.  
Ақын аға, сарылып сары уайымға,  
Мен де жырдан іздеймін жанға дауа.  
Білмеймін не берерін, көгерерін  
Өлең өшпес, сенемін, халқым барда.  
Халқым барда, маржандай жырды сүйген,  
Шаршамаймын жырымды жаза берем.  
Жаза берем, атырып эппақ таңды  
Мақпал түндер ақысыз өтті демен.  
Ұмтылуда ұрынбай құзат-жарға,  
(Інілерін артында із басуда.)  
Сіз айтпаған, алайда, ойлар қайда?  
Сіз сүрінген сөреден ұзау қайда?  
Жүрегімнің түбіне кір жасырмай,  
Өтсем екен өмірден сыр жасырмай.  
Ақын болғым келеді, аға, сіздей  
Найзағайдай дүрсілім жүр басылмай.

Бетті дайындаған Смағұлов Сұлтанбек  
Энергетикалық факультеттің 3 курс студенті



Мен алғаш С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университетінің табалдырығын аттағанда бірінші қыркүйек – білім күніне орай ұйымдастырылған концерттік қойылымды тамашаладым. Кеше ғана мектептен түлеп ұшқан арман жетегіндегі түлектер үлкен өмірге қадам бастық. Ендігі тағдырымызды осы университетпен байланыстырдық. Жоғары оқу орынына келген әрбір түлектің көкейінде университетте бізді қандай жаңалықтар күтіп тұр екен деген сауалдың болғанына күмәнім жоқ. Мен үшін ең алғашқы әсер концерт барысында Асылхан Дәстүрдің «Өмір, өмір» атты әні болды. Күннің шығып тұрғанына қарамастан, құлағымызды тұндырған әуезді музыка мен құлаққа жағымды қоңыр дауыстың ерекше ұнағаны бар. Тыңдарман жүрегіне жол тартқан Дәстүрдің өнері албырт көңілге күй сыйлап, болашаққа көз тастатты. Шынымен де, әр адамның өмірі өз қолында. Өнер де екінің біріне дари бермейтін тамаша қасиет. Бүгінде ҚазАТУ-дың ғана емес, еліміздің бас шаһары Астананың атын шығарып жүрген техника факультеттің 3 курс студенті Дәстүр Асылханды әңгімеге тарттық.

# Арманым Шындыққа айналды

– Кіндік қаның тамған туған жерің мен өскен ортаң жайлы айтып берсең?

– Мен 1989 жылы Тарбағатай өңіріндегі қазіргі Қытай Республикасының Дөрбілжін ауданында дүниеге келдім. Балалық шағым сол жерде өтті. Отбасымызбен бірге 2005 жылы Алматы облысы, Талдықорған қаласына көшіп келдік. Орта мектепті Талдықорғанда тәмамдадым. Қазіргі таңда осында, яғни С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде білім алудамын.

– Абай ағамыздың «Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бар қалан» дегені бар ғой. Мамандығың жайлы айта отырсаң?

– Мен «Көлік – құрал техникасы және жаңа технологиялар» мамандығына оқып жатырмын. Болашақта өнер жолын серік етіп, сол салаға бет бұрсам ба деген мақсат бар. Ал, осы мамандықты заманға сай, сұранысқа ие, болашағы бар мамандық деп тандадым. Дәл қазіргі таңда болмаса да болашақта мамандығым бойынша қызмет жасайтын кезеңде туатыны анық. Білім алу, белгілі бір мамандықты меңгеру кімге де болсын керек. «Надан әнші» атанудан аулақ болу керек қой. Екі мамандықты бірдей алып жүрсем деген мақсатпен осы жолды тандадым. Бала кезімде маған өнер ғана керек деп ойлайтынмын. Алайда, отбасымызда әкем де ағам да өнер адамдары болғандықтан, сол кісілер айтқан ақылды жерге тастай алмадым.

– Насихаты ғой

– Иә, насихаты - ақылы десе де болады. Бір нәрсеге кенедей қадалмай, жан-жақты болсаң өзіңе де кейін өмір жолында пайдасы болары хақ.

– Студент бола тұра бір – біріне мүлде жақын емес, екі салада өсіп – өрбу қиын емес пе?

– Әрине, қиын. Халқымыздың даналыққа тұнып тұрған мақалдары бар емес пе! «Екі кемеңгі құйрығын ұстаған суға кетеді» деп. Анда-санда кетіп- кетіп ба-

рып, қайта шығып аламыз (күліп)! Бірақ оған да жауап қайтаратын мақал бар: «Ұста екі кемеңгі құйрығын, жетсе бұйрығын». Соған шамамыздың келгенінше, тырысып жатырмыз.

– Жоғары оқу орынын таңдағанда неліктен дәл осы аграрканы тандадың?

– Аграрка университеті жайлы бұрында естүім бар. Университеттің қабырғасында жүріп, өнер жолын жалғастырамын деген үш ұйықтасам да ойыма кірмейтін. Таңдаған мамандығымды ойдағыдай аяқтағаннан кейін, музыка саласына оқуға түссем деген ой болған. Бірақ, осында келгенде жастарды өнерге баулитын Қоғамдық кәсіптер факультеті бар екенін білгенде қатты қуандым. Бұл маған өнер жағынан да дамуыма өте тиімді болды. Әу басында көкірегімде Астанаға жетсем деген арман болды. Қалай айтсақта Астана еліміздің бас қаласы. Жастардың қаласы, болашақтың қаласы деп білемін. Және де өзіме лайықты іздеген мамандығым осында болғаннан кейін, осы Агротехникалық университетіне тапсырып, оқуға түстім. Аллаға шүкір, ризамын.

– Мамандығың бойынша болашақта қандай жұмыстар атқара аласың? Қай жерлерге жұмысқа орналасуға болады?

– Негізі менің оқып жатқан мамандығым көп салалы болып есептеледі. Мысалы, бізге көлік жасайтын инженер, транспорт саласының маманы, жол полициясы, темір жол сынды т.б. салаға баруға болады.

– Жалпы жан жақты мамандық болғаны ғой?

– Иә, жан жақтылығына қарағанда, кең профильді деген дұрысырақ болар. Әркімнің жүрегінің қалауына байланысты.

– Қазіргі кезде осындай жетістіктерге жетіп, талпынып – тырысуыңның себебі бар

шығар? Өмірде үлгі тұтар тұлға бар ма?

– Үлгі тұтарлық адамдар да әншілер де көп қой. Өзім Бекболат Тілеухановты ерекше сыйлаймын, үлгі тұтамын. Өйткені, ол өнер жолында ғана жүрген жоқ, елді де басқарады. Және де «қазағым, елім...» деп шырылдап жүрген қазақ баласының бірі. Ол әр бір айтқан өлеңін тауып айтады, қажетті жерде айтады. Өзінің шыншыл мінезімен, өр болмысымен, еңбекқорлығымен ұнайды.

– Репертуарыңда қанша әндер бар?

– Бұрын репертуарымда 3 ән болған. Құдай қаласа, 4-шісі жақында жарық көреді. Бұл ән негізі жазда Қытай Республикасында өтетін конкурсақа әзірлеп жазғызатын ән. Сол әнді ақпанның 6 күні 7-ші Қысқы Азия ойындарының жабылу салтанатында шырылдадым.

– Әннің аты-жөнін білсек бола ма?

– Әннің аты – «Мария». Қытай елінің халық әні. «Мария» деген өте әдемі қыз болған, соған арналып шығарылған ән. Біздегі «Дудар – ай» секілді.

– Сенің продюсерің бар ма?

– Менің продюсерім де, әрі өнердегі ұстазым деп ҚКФ-нің деканы Мейіржан Алиакпаровты айтар едім. Мен орындап жүрген 4 әннің жарыққа шығуына бірден – бір себепкер болған сол кісі. Продюсер деп айтуға бола ма білмеймін. Бірақ, маған көп көмегі тиді, ол бізге әкеміздей болып кеткен.

– Жақында «Жас Қанат» байқауына қатысқаныңды білеміз. Жалпы «Жас қанат» жайлы пікірің қандай?

– Ағам да өнерге жақын жан деп жоғарыда айтып кеттім ғой. Кішкентай күнімде ағам әкелген күйтабақтарды араластырып отырып, «Жас Қанат» байқауы туралы жазылған күйтабақты тауып алып, басынан аяғына дейін көріп

шықтым. Сол кезде қиялға беріліп, шіркін, осындай үлкен сахнаға жетсем, осындай өнер додасында бақ сынасам деп армандағаным бар. Күндердің күнінде арман шындыққа айналды. Ұстазым Мейіржан Алиакпаров ағамыз да осы байқауға қатысқан екен. Мені дәйіндаған да сол кісі. Конкурсақа арнап екі ән жаздырдық. Біреуі Маржан Арапаеваның «Қобыз мұңы» деген ән, екіншісі «Өмір - өмір» деген бұрынғы әндердің бірі. Сол екі әнді орындадым. Нәтижелі болды. Яғни, «Жас Қанат» байқауы өнер жолына жасаған ең алғашқы үлкен кадамым десе де болады.

– Біздің білуімізше, «Қара жорғаны» жақсы билейді екенін. Жалпы, қазақтың «Қара жорға» бii туралы пікірің қандай?

– Бүгінде «Қара жорға» бii туралы сан түрлі пікірлер айтылып жүр ғой. Мысалы, моңғол халқында «Қара жорғаға» ұқсайтын өздерінің билері бар. Сондай-ақ, «Қара жорғаға» ұқсас «аю» бii бар. «Қара жорғаны» көбінесе Алтай өңірінде билейді деп айтып жатады. Негізінде бұл нағыз қазақтың бii деп білемін. Көзімді ашқан күннен бері «қара жорға» бiiн көріп өстім. Жиын-той «қара жорғасы» өтпейтін. Биші болмаса да, «қара жорғанын» кимылдары үйреншікті болғандығымен бойыма сінді деп айта аламын. «Қара жорға» бii жорғаның жүрісіне салып билейтін, болмаса жорғаның үстінде шауып келе жатып билейтін, шаппаса жорғалатып билейтін би.

– Дәстүр, әңгімеңізге рахмет! Өнер айдынында қанатыңыз талмасын.

– Рахмет! Жаңа айдарларыңыз құтты болсын. «Маман» газетінің оқырмандары көп болсын, біздерді жақсы жаңалықтарыңызбен қуанта беріңіздер!

Сұхбаттасқан  
Ақбота Дәулетқызы,  
агрономия факультетінің  
1 курс студенті

Тарих – керуен, бір орында тұрмайды. Кеше ғана еншісі елеулі оқиғаға толы барыс жылын шығарып салған Қазақстан жұртшылығы қоян жылы жақсылыққа, табысқа толы жыл болса екен деген зор үмітпен қарсы алды. Қоян жылы – қазақ халқы үшін бақ пен бапты сынап, жарқылдаған найзағайдай намыс үшін күресетін байрақты бәсекеден бастау алды. 2011 жылдың 11 қаңтарында Азияның Олимпиадалық кеңесі орналасқан Эль-Кувейт қаласында тұтанған Алау эстафетасы алдымен Алатаудың баурайындағы Алматы қаласына әкелініп, сол жүйіткігеннен еліміздің жиырмаға жуық шаһарларын аралағаны белгілі. Эстафета Алауы қаңтардың 30 күні елордасы Астанаға жеткізіліп, оны алып жүру салтанатына қатысу бақытына ие болғандар бас шаһардың көшелерін аралай жүгірді. Баршамыз үшін мәні терең осынау оқиға С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің студенттерін де бей-жай қалдырған жоқ. Ұстаздар қауымы мен студенттер тобы Астанаға ат басын тіреген Алау эстафетасын қарсы алуға шықты.

7-Қысқы Азия ойындарының ең айтулы, ең айшықты, әсерлі сәті деп – ашылу салтанатын айтудымыз керек. Күллі қазақ үшін 7-Қысқы Азия ойындарының қазақтың киелі топырағында өткізілуі зор мәртебе, үлкен бақыт. Олай деуіміздің де өзіндік себебі бар. Ашылу рәсімінде сөйлеген сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, барша адамзаттың жартысы тұратын Азия құрлығы үшін бұл жарыс биылғы жылдың ең мәртебелі спорт мерекесі екенін атап өткені бар. Бұған қоса мемлекет басшысы Қазақстан ТМД жә-

Барша қазақ жұрты күн санап, асыға күткен дүбірлі дода 7-ші Қысқы Азия ойындары да өз мәресіне жетті. Ашылу салтанаты «Астана-Арена» жабық стадионында өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. 27 мемлекеттен мыңға жуық спорт саңлақтары жиналған байрақты бәсекенің ашылу салтанатына мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қатысқан болатын. 7-ші Қысқы Азия ойындарының қазақ жерінде өтуі және ел намысын қорғаған қазақ спортшыларының жеңіске жетуі қазақ тарихы үшін мәртебесі асқақ, маңызы өлшеусіз оқиға болды.



# АЗИАДА айшықтарғы



не мұсылман елдері арасында тұңғыш болып осы құрлықтық шараны өткізіп отырғандығын тілге тиек еткен болатын.

Салтанатты рәсімге Қазақстанның арнайы шақыртуымен келген Қырғызстан Республикасы Президенті Роза Отунбаева, Әбу-Дабидің тақ мұрагері шейх Мұхаммед пен Заид Әл-Нахаян, Азия олимпиадалық кеңесінің президенті шейх Ахмад әл-Фахад әл-Сабах және халықаралық олимпиада комитетінің президенті Жак Рогге, сондай-ақ 7-Қысқы Азия ойындарына қатысатын 37 Азия мемлекетінің ресми делегациялары мен спортшылары, ел намысын қорғайтын Қазақстанның ұлттық құрамасы, елордаға атбасын тіреген отандық және шетелдік туристер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Мыңнан астам әртістің қатысуымен жоғары деңгейде өткізілген шоу қойылымды 30

мыңға жуық адам тамашалады. Сахна төріндегі 10 мың шаршы метрді құрайтын экранның кеңістігі 30 мыңдай көрерменді 3 сағатқа тақау уақыт ғажайып мүмкіндіктерімен таңқалдырды.

– Спортта шекара жоқ, ол халықтарды бауырластырады, – деді Мемлекет басшысы Н.Назарбаев. – Мен дүбірлі додада әділдік үстем болып, хас жүйріктің бәйгеден келуін тілеймін. Жанкүйерлер үшін естен кетпес қызықты шақтар мол болсын. Қазақ жеріндегі Азияданың ізгілік алауы достықтың мәңгі жалауына айналсын.

Азия ойындарының ашылу рәсімін ресейлік композитор, продюсер Игорь Крутойдың продюсерлік орталығы ұйымдастырғанын айта кеткеніміз жөн. Сахнаға Азия Олимпиадалық кеңесінің туын Серік Қонақбаев, Владимир Смирнов, Людмила Прокашева, Әлия Жүсіпова, Кенже Сәр-

семенова, Май Хван сынды елімізге белгілі спорт майталмандары көтеріп шықты.

Аты аңызға айналған, өз заманында қазақ жұртының атын әлемге паш еткен қазақстандық спортшылар 7-Қысқы Азия ойындарының бас қазандығын жақты. Нақтырақ атап айтар болсақ, Азияда алауын Әбілсейіт Айханов, Жақсылық Үшкемпіров, Ермахан Ыбырайымов, Дәулет Тұрлыханов, Жәнібек Қандыбаев, Тимур Тұрсынбаев, Бақтияр Артаев сынды еліміздің спорт шеберлері мен олимпиада жеңімпаздары бас қазандыққа алау тұтандыру бақытына ие болды.

## ВПЕРЕД, КАЗАХСТАН!

Горячий снег,  
Кристалльный лед.  
Началась Азиада!  
Казахстан, вперед!

Наши спортсмены-  
Вы гордость страны!  
Чтоб новых побед  
Вы вновь принесли.

Спасибо болельщикам!  
И игрокам!  
Слышны только крики:  
«Вперед, Казахстан!»

Флаг Казахстана-  
Цвет мира и неба.  
Это наша игра,  
И наша победа!

Все вместе и дружно  
Вперед, за наградой!  
ЭТО МОЙ КАЗАХСТАН!  
ЭТО МОЯ АЗИАДА!

**Жанмира Жилкибаева,**  
студентка 4-курса  
землеустроительного  
факультета

## ҚАЗАҚ СПОРТШЫЛАРЫ РЕКОРД ОРНАТТЫ


Алатаудың баурайы мен Арқа даласында өткен дүбірлі дода – 7-ші қысқы Азияда ойындары да мәресіне жетіп, қазақ халқын бір желпіндіріп тастады.

Байрақты бәсеке басталған күннен қазақ спортшыларына тілеулес болмаған көрермен жоқ шығар. Ең алғашқы сүйінші хабар Алматыдан келіп жетті. Қазақстанның Шаңғымен бағдарлау құрама командасының атлеті Ольга Новикова ел қоржынына алғашқы алтын медальді салды. Қазақ қоржынының салмағын алтынмен аптаған алғашқы бастау жалғасын тауып, жеңіске жетеледі. Осылайша, Қазақстан құрамасы Азия ойындарында жеңіп алынған медальдар саны бойынша рекорд орнатып, 32 алтынмен медальдар жиынтығын жаңартты. Бұған дейінгі рекорд, яғни 29 алтын медаль Жапонияға тиесілі болатын. Ол 1986 жылы Саппоро қаласында өткен 1-қысқы Азия ойындарында орнатылған.

Осылайша, қазақ спортшылары Қазақстан құрамасының қоржынына 70 медаль салды. Оның 32-сі алтын болса, 21-і – күміс, 17-сі – қола медаль. Ал екінші және үшінші орындар Жапония мен Оңтүстік Корея құрамаларының қанжығасына байланды.



Бетті әзірлеген Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ



**Наверное, никогда не перестаем удивляться, замечая (в очередной раз задумавшись и осмотревшись), сколько замечательных, неординарных людей работает с нами.**

## Мастер своего дела

Федоров Андрей Кузьмич родился 5 февраля 1941 года в селе Бишкаин Аургазинского района Башкирской АССР Российской Федерации. В 1965 году начал работать в должности ассистента кафедры начертательной геометрии и графики Целиноградского сель-

скохозяйственного института. В течение длительного времени Федоров А.К. читал курс лекции и проводил занятия со студентами 1 и 2 курсов технического факультета и факультета компьютерных систем и профессионального образования по дисциплинам

Начертательная геометрия, черчение, инженерная графика, а также инженерное проектирование.

В настоящее время Федоров А.К. читает курс лекции и проводит занятия со студентами 2-4 курсов факультета компьютерных систем и профессионального образования по дисциплинам инженерная и компьютерная графика, инженерное проектирование.

Много сил и энергии отдает совершенствованию учебно-воспитательного процесса, внедрению новых форм обучения, самостоятельной работы студентов и активизации учебного процесса. Им была разработана и внедрена «Экранная форма контроля успеваемости студентов как элемент модульной системы обучения». Разработал и изготовил наглядные учебные пособия по теме «Поверхности», которые применяются на практических занятиях.

Федоров Андрей Кузьмич награжден почетными грамо-

тами в разные периоды его работы за добросовестную работу. Является ветераном труда.

Андрей Кузьмич постоянный участник культурно – массовых и спортивных мероприятий университета, на лыжных соревнованиях и соревнованиях по президентскому многоборью неизменно занимал призовые места.

Любовь к своему делу, тактичность, трудолюбие вызывают искреннее уважение у окружающих. И огромное спасибо Андрею Кузьмичу за его нравственный потенциал, за теплые человеческие отношения.

Факультет компьютерных систем и профессионального образования КазАТУ имени Сакена Сейфуллина поздравляет Андрея Кузьмича с 70-летним юбилеем и желает ему дальнейших творческих успехов и бодрости духа.

Декан факультета КСиПО  
КАТУ им.С.Сейфуллина  
А.Ж.Аскарова

В системе государственного управления земельными ресурсами кадастр выполняет изначальную функцию «изучение и картографирование земельного фонда». На основе этой информации органы государственной власти осуществляют планирование, организацию, стимулирование и контроль по использованию земельных ресурсов.

Особенно важным направлением деятельности Агентства по управлению земельными ресурсами Республики Казахстан является распределение и перераспределение земельного фонда, которое ведется методами кадастровой топографической съемки. В результате проведения этих работ осуществляется юридическое и геодезическое закрепление земельных участков за юридическими и физическими лицами. Процедура закрепления земельных участков является достаточно длительной и трудоёмкой, что заставляет граждан тратить много времени на оформление земельной документации. Кроме того, здесь появляется почва для коррупционных сделок и бюрократических проволочек. Во избежание этих негативных явлений Правительство Республики Казахстан создает так называемое «Электронное правительство», где автоматизированные процессы предоставления многих государственных услуг, в том числе и

## РОЛЬ ЗЕМЕЛЬНОГО КАДАСТРА В ЭЛЕКТРОННОМ ПРАВИТЕЛЬСТВЕ

земельно-кадастровых. Особенно удобно и скоротечно получение заинтересованными гражданами необходимой земельной информации для личного и служебного назначения. Для этого в Интернете создан соответствующий сайт, через который любой интернет-пользователь может мгновенно получить интересующие его сведения.

Современная система земельного кадастра полностью автоматизирована. АИС – государственный земельный кадастр, имеет количественную характеристику всех земельных участков на территории страны. В перспективе разрабатывается методика качественной и оценочной характеристик с целью обеспечения информацией о почвах и растительности на землях сельскохозяйственного назначения и о стоимостных характеристиках на территории всего земельного фонда. Для этого необходима большая подготовительная работа по космическому и дистанционному зондированию земли, а также по массовой оценке земли.

Во всем мире материалы земельного кадастра служат, прежде всего, для целей налогообложения. Как известно, земельный налог зависит от величи-

ны кадастровой стоимости земельных участков. Эта стоимость выражает нижний (минимальный) уровень рыночной стоимости и является рычагом не только налогообложения, но и планирования, стимулирования и контроля использования земли. Мечтой человечества является справедливое налогообложение. Это можно обеспечить только на основе тотального (сплошного) изъятия земельной природной ренты, величина которой может быть определена через кадастровую стоимость. При правильном ее исчислении государственный бюджет любой страны можно формировать только за счет природной ренты, которая с успехом может заменить десятки видов и разновидностей налогов.

Таким образом, земельный кадастр – важнейшее государственное мероприятие. Для его успешного осуществления требуются высококвалифицированные специалисты, которых готовит кафедра «Кадастр» землеустроительного факультета Казахского агротехнического университета им. С. Сейфуллина.

Владимир Акимов, профессор  
кафедры «Кадастр»  
КАТУ им. С. Сейфуллина

*То, что не ясно,  
следует выяснить.  
То, что трудно творить,  
следует  
Делать с величайшей  
настойчивостью.  
Конфуций*

Практически каждый из нас был студентом, кто-то им является на данный момент, а кто-то будет им в скором будущем. Тот, кто прошёл через студенческую жизнь, представляет, как это здорово. Только во время студенчества мы можем пойти куда-нибудь, например, в кино со скидкой. Каждый согласится, что это приятно. В этот же период жизни у студента развиваются лидерские качества. Эти качества помогают ему во взрослой жизни.

Общие кухни, душевые и туалеты, горы хлама, казалось бы, не привлекают, хотя какое же общежитие без этого? И какая же студенческая жизнь без общежития? Это вполне ассоциа-

Студенчество – это самая лучшая пора в жизни каждого человека. Я думаю, каждый должен иметь право и желание присутствовать на вручении своего собственного диплома о высшем образовании. И в такой момент самый яркий атрибут студента – это его плащ и шапочка выпускника. Для многих студентов в этот момент важен не столько диплом, сколько сам этот момент жизни, атмосфера этого дня.

## ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ СТУДЕНТА!

тивные вещи, которые придают студентам остроту ощущений развеселой жизни, начиная от абитуриента и, заканчивая, как минимум, специалистом. Даже если ты не живешь в общежитии, ты иногда слышишь о каких-нибудь прикольных случаях, происходивших в общежитии.

За эти пять лет, просыпаясь каждый день в шесть часов утра и засыпая в лучшем случае под утро, студент ощущает свободу жизни, к тому же отсутствие де-

нег редко влияет на его веселое времяпрепровождение. В холодильнике соседа всегда найдется хоть что-то, а среди друзей всегда найдется те, кто одолжит немного денег до лучших времен.

Да, студенческая жизнь прекрасна несмотря на проблемы в период сессии!

Студенческая жизнь каждый день наполнена множеством событий, которые часто остаются в памяти на всю жизнь. Сейчас, пройдя через год обучения и вспоминая то какими мы были,

сами не верим в то, что прошел всего лишь один год, а кажется, что пролетели годы. И это хорошо, это означает, что наша жизнь действительно, как веселое приключение.

Последнее время многие заговорили о возможности создания льготного проезда для студентов Астаны, как в Алматы. Будем надеяться, что это станет грандиозным подарком для студентов!

Скоро День студента, поэтому каждому воспитаннику университета будет приятно получить какой-нибудь сюрприз, или как минимум внимание. В этот день хочу пожелать всем студентам огромного блага во всем, пусть каждый ваш день будет как приключение.

Потому что студенческий период – самый незабываемый момент жизни.

**Сергей Батурин,  
студент 2 курса  
архитектурного факультета**

### С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне магистратураға және PhD докторантураға түсуші талапкерлер үшін А Қ П А Р А Т

50 жылдан астам тарихы бар, Астана қаласындағы бірінші жоғары оқу орны, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті 2011 жылы жоғары оқу орнын бітіруші түлектерді және жоғары білімі бар мамандарды төмендегі мамандықтар бойынша магистратураға және PhD докторантураға оқуға түсуге шақырады:

Магистратура бойынша: кәсіптік білім (сала бойынша), сәулет, экономика, менеджмент («Аграрлық менеджмент» мамандықтары бойынша), қаржы, маркетинг, биотехнология, ақпараттық жүйелер, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, электроэнергетика, стандарттау және сертификаттау (сала бойынша), агрономия, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы, аңшылықтану және аң шаруашылығы, балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау, аграрлық техника және технология, орман ресурстары және орман шаруашылығы, топырақтану және агрохимия, жерге орналасу, кадастр, ветеринарлық медицина, ветеринарлық санитария.

PhD докторантура бойынша: экономика, агрономия, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы, ветеринарлық медицина, ветеринарлық санитария.

Университет магистрлер мен PhD докторларын даярлау бағдарламалары негізінде магистратураның «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша Сібір мемлекеттік телекоммуникация және информатика университеті (Ресей, Новосибир қ-сы),

магистратураның «Экономика» және докторантураның «Агрономия», «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы», «Ветеринарлық медицина», «Ветеринарлық санитария» мамандықтары бойынша Моңғол мемлекеттік ауылшаруашылық университеті (Ұлан-Батыр қ-сы), магистратураның «Менеджмент» (аграрлық менеджмент) мамандығы бойынша Вайенштефан колданбалы ғылымдар университеті (Германия) сияқты халықаралық аккредиттенген өткен жоғары оқу орындарымен қос диплом беру бағытында мамандарды бірлесіп даярлайды.

Магистратураға (PhD докторантураға) оқуға қабылдау ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 1 сәуірдегі №161 бұйрығымен бекітілген (2010 жылғы 9 шілдедегі №365 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі кәсіптік оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру мекемелеріне қабылдаудың Типтік ережелері» негізінде жүргізіледі.

Талапкерлердің өтініштерін қабылдау 1-30 шілде аралығында, емтихандар 1 тамыздан 20 тамызға, қабылдау - 31 тамызға дейін өткізіледі.

Магистратураға (PhD докторантураға) оқуға түскісі келетін үміткерлер шет тілінен және мамандық бойынша арнайы пәннен емтихан тапсырады. Шет тілінен тапсырылатын емтихан Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік білім стандарты мен Ұлттық тес-

тілеу орталығының әзірлеген технологиясы негізінде өтеді. Test of English as a Foreign Language (TOEFL, шекті балл – кемінде 560), International English Language Tests System (IELTS, шекті балл – кемінде 6.0), Grundbaustein DaF (шекті балл – C 1), Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH, шекті балл – C 1), Diplome d'Etudes en Langue française (DEL, шекті балл – B 2), Diplome Approfondi de Langue arancaise (DALF, шекті балл – C 1), Test de connaissances de français (TCF, шекті балл – кемінде 400) бағдарламалары бойынша шет тілінен (ағылшын, француз, неміс) тест тапсырғандығы туралы расталған сертификаты бар Қазақстан Республикасының азаматтары магистратураға, резидентураға, адъюнктураға және PhD докторантураға түсу кезінде шет тілінен түсу емтихандарынан босатылады.

Мамандық бойынша арнайы пәннен емтиханды университеттің емтихан қабылдау комиссиясы қабылдайды.

Қабылдау мемлекеттік білім тапсырысы және ақылы келісімшарт негізінде жүргізіледі.

Ағымдағы жылдың оқу ақысы ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

Ақылы негізде оқуға түсушілер университетпен екі жақты келісімшарт жасайды.

### БІЗДІҢ УНИВЕРСИТЕТКЕ ОҚУҒА ТҮСУГЕ ШАҚЫРАМЫЗ!

Барлық сұрақтар бойынша мына мекен-жайға хабарласуға болады:

Астана қаласы, Жеңіс даңғылы 62.

Бас ғимарат 602 кабинет, Жоғары оқу

орнынан кейінгі білім беру және

біліктілікті көтеру бөлімі.

Тел: 38-61-53.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті келесі кафедралар бойынша бос лауазымдарға конкурс жариялайды: аңшылықтану және балық шаруашылығы – кафедра менгерушісі; дене тәрбиесі – кафедра менгерушісі; геодезия – профессор; экономика-математикалық үлгілеу- доцент; кадастр - доцент; бағалау – аға оқытушы; есептеу техникасы және ақпараттық жүйелер – ассистент. Құжаттарды қабылдау мерзімі - конкурс жарияланған күннен бастап 1 ай.

Мекенжайымыз: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 62, персонал менеджменті бөлімі, тел. 8(7172)-397-808

Газет Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, №1106-Г тіркеу күзеті берілген.

Редакция жариялауға ұсынылған материалдарды рецензияламайды. Жарияланымдардың мазмұны мен суреттердің сапасына жауап бермейді.

**РЕДАКТОР**  
Бақытгүл Абайқызы

**ДИЗАЙН ЖӘНЕ БЕТТЕУ**  
Айсұлу Исмаилова

### МЕКЕНЖАЙЫ:

Астана қаласы,  
Жеңіс даңғылы, 62 А,  
С.Сейфуллин атындағы  
ҚазАТУ-нің бас ғимараты,  
тел: 31-75-64; 39-57-07

Газет С.Сейфуллин атындағы  
ҚазАТУ баспаханасында  
басылады.

Газет ай сайын шығады.  
Таралымы 1000 дана.